СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРДІҢ *әдістемелік* БІРЛЕСТІГІ

Бірлік – тәжірибеде,
шеберлік – ұрпақ келешегінде!

ТӘЖІРИБЕ | ШЕБЕРЛІК | ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ | ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жақсы ұстаз – мектептің жүрегі,
сынып жетекші – сол жүректің үні.





БЕКІТЕМІН
Мектеп-лицей директоры
_____Б.Дуйсенбаев
«___» _____2026жыл

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
2025-2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жоспары

Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
Ұйымдастыру жұмыстары			
1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу	анықтама		Үнемі
2. Күнделікті сабақ жоспарларының жазылу барысын бекіту			Үнемі
3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру			Үнемі Әр тоқсан сайын
4. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын қадағалау		Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
5. Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға көбірек қатысуын қамтамасыз ету			Жыл бойы
6. Сынып белсенділерінің, дарынды оқушылардың жұмысын анықтау және олармен жұмыс жүргізу		Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі	Үнемі Уақытында
7. Психолог кеңесі (пікірін таңдау)		Сынып жетекші	Жыл бойы
8. Жас сынып жетекшілерінің сабақтарына қатысып, көмек көрсету		Тәлімгер	Үнемі
9. Озық тәжірибелі, жаңашыл жетекшілердің іс-тәжірибесін оқып-үйрену		Әлеуметтік педагог	Үнемі Айына 1 рет
10. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау. Арнайы бет, буклет, плакаттар шығару.		Мектеп психологы	Үнемі Үнемі Тоқсан сайын Тоқсан сайын
11. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау.			Жосп.түрде Үнемі
12. Ай сайын бірлестік отырысын өткізу			
13. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу			
Қыркүйек - ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ **Тақырыбы: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру»**			
1.Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап,	хаттама	ДТІЖО	тамыз

жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау. 2. 2026–2027 оқу жылының оқу-тәрбие процесіндегі негізгі ерекшеліктері. 3. Әдістемелік нұсқау хат негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру. 4.Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру 5.Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру 6.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру 7.Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру 8.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшісінің қызметін жүйелеу және құжаттаманы ұйымдастыру.			
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ			
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігімен өткізілген семинар-тренинг	анықтама	ДТІЖО	қараша
Қаңтар - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ **Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»**			
1.Сынып жетекшілердің жартыжылдық қорытынды есебін тыңдау 2.Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс-тәжірибесімен бөлісуі 3.Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысы 4.Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу - әлеуметтік педагогикалық проблема	хаттама	ДТІЖО	қаңтар
Ақпан айы- ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ			
Сынып жетекшілеріне арналған коучинг жоспары	анықтама	ДТІЖО	ақпан
Мамыр- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ **Тақырыбы: «Оқушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысын ұйымдастыру»**			
1.Оқушыларға ҰБТ -ға дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі.	Хаттама	ДТІЖО	мамыр

2.Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 3.Тәрбие қызметінің қорытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар, 4.Перспективалар. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау. 5.«Жыл сынып жетекшісі-2026» рейтингісінің нәтижесін шығару, марапаттау. 6.Жазғы демалысты ұйымдастыру, «Бала еңбегін қанау» рейдтерін ұйымдастыру 4.Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру			

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі ӘБ) – тәрбие процесін жүйелі және тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік, ғылымиәдістемелік, ақпараттық және тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыратын мектептің құрылымдық бөлімі. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің негізгі мақсаты тәрбие жұмысын жетілдіру және сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады.

ӘБ Қазақстан Республикасының Білім саласындағы заңнамалар, мектеп жарғысы және жергілікті нормативтік актілер негізінде әрекет етеді:
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «№ 319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 43-бабы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

1.3. ӘБ құрамына 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері кіреді.

1.4. ӘБ жұмысына басшылықты бір оқу жылына сайланатын төраға жүзеге асырады.

Мақсаты:

Тәжірибе алмасу, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу және сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы мектептің тәрбие жүйесін жетілдіру.

Міндеттері:

- Білім алушылардың бойында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін дамыту;
- Сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсету;
- Заманауи тәрбие технологияларын енгізу;
- Құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- Тәрбие жұмысының сапасын бағалау және талдау

2. ӘБ құжаттамасы

2.1. ӘБ отырысының жылдық жұмыс жоспары;

2.2. ӘБ отырыстарының хаттамалары;

2.3. Сынып жетекшілерінің әдістемелік әзірлемелері; 2.4. Озық тәжірибені таратуға арналған материалдар;

2.5. ӘБ жұмысы туралы есептер.

3. ӘБ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Мектептің тәрбие бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3.2. Тәрбие жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу; 3.3. Өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтау және ұсыну;

3.4. Өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3.5. Ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен және жергілікті қоғамдастықпен ынтымақтастық орнату;

3.6. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысу;

3.7. Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау.

4. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру

4.1. Жұмыс мазмұны

- *Теориялық:* Тәрбие беру теориясы мен әдістемелерін зерделеу, жаңашыл педагогикалық тәжірибелерді талдау;
- *Практикалық:* Ашық сынып сағаттары, тренингтер, әдістемелік семинарлар өткізу;
- *Ақпараттық-талдау:* Тәрбие жұмысын жоспарлау, мониторинг

жүргізу және нәтижелерін талдау;

- *Ата-аналармен жұмыс:* Ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру, консультациялар беру, психологиялық қолдау көрсету;
- *Құқықтық:* Бала құқықтары, қауіпсіздік және тәртіп нормалары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

4.2. Жұмыс түрлері

1. **Әдістемелік отырыстар:**

- Ай сайын/тоқсан сайын ұйымдастырылады.
- Тәрбие жұмысының өзекті мәселелері қарастырылады.
- Ашық сабақтар мен іс-шаралардың талдауы жасалады.

2. **Шеберлік сыныптары және семинарлар:**

- Заманауи тәрбие әдістерін меңгеру.
- Тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген оқыту технологиялары.
- Психологиялық тренингтер, коучингтер.

3. **Озық тәжірибе алмасу:**

- Үздік сынып жетекшілерінің тәжірибесін тарату.
- Инновациялық әдістерді талқылау және енгізу.

4. **Мониторинг және талдау:**

- Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау.
- Сынып жетекшілерінің жұмысын бағалау.

- Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау

5. Сынып жетекшілерінің құзыреттілігін арттыру

5.1. Кәсіби құзыреттілікті дамыту

- Тәрбие жұмысының инновациялық әдістерін меңгеру;
- Психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру;
- Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жұмыс жүргізу.

5.2. Кәсіби қолдау жүйесі

- Мектепішілік тәлімгерлік (тәжірибелі сынып жетекшілерімен жұмыс);
- Жаңадан келген сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету;
- Құқықтық және психологиялық кеңестер беру.

6. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

6.1. Құндылықтарға негізделген тәрбие

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік пен ынтымақ
- Әділдік пен жауапкершілік
- Заң мен тәртіп
- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік
- Жасампаздық пен жаңашылдық

6.2. Негізгі іс-шаралар

- Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды;
- Күнделікті және апта сайын атқарылатын іс-шаралар;
- Білім беру мазмұны мен сынып сағаттары арқылы құндылықтарды енгізу;

- Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу (Жобалар: «Қамқор», «Еңбегі адал -жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Алдын алу шаралары»).

7. Білім алушылардың құндылықтарын қалыптастырудағы сынып жетекшінің рөлі (*Қосымша 1)*

7.1.Сынып жетекшісі – білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін негізгі тұлға. Оның қызметі:

- Құндылықтарға негізделген тәрбие беру.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастыру.
- Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу.
- Мотивация беру және тұлғалық дамуға жағдай жасау.
- Эмоционалдық қолдау көрсету.

7.2. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысындағы күтілетін нәтиже:

- Озық тәжірибелерді енгізеді;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмыстарын жетілдіреді;

- Сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсетеді;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін дамытады;
- Заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдаланады;

- Құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын жетілдіреді;
- Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейтеді;
- Тәрбие жұмысының сапасын бағалау мен талдаудың жаңа жүйесін енгізеді;

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі мектептегі тәрбие процесінің тиімділігін арттыратын маңызды құрылымдық бөлім болып табылады. Ұйымдастыру және басқару жұмыстарының дұрыс жүргізілуі білім алушылардың ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгеруіне, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

ХАТТАМА №1
Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы
Өткізілген күні: 2026 жылғы «26» тамыз
Өткізілген орны: мәжіліс залы
Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. 2026–2027 оқу жылының оқу-тәрбие процесіндегі негізгі ерекшеліктері.
2. Әдістемелік нұсқау хат негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшісінің қызметін жүйелеу және құжаттаманы ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Менлибаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2026–2027 оқу жылының оқу-тәрбие процесіндегі негізгі ерекшеліктеріне тоқталып, жаңа оқу жылында білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

2026–2027 оқу жылының 2026 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2027 жылғы 25 мамырда аяқталатыны айтылды. Оқу жылының мерзімі мен демалыс кезеңдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен белгіленгені таныстырылды.

Тәрбие жұмысы жеке бағыт ретінде ғана емес, оқу процесімен, сыныптағы психологиялық ахуалмен, оқушының қауіпсіздігімен, ата-анамен серіктестікпен, мектеп мәдениетімен және оқушының азаматтық-әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізілуі қажеттігі түсіндірілді.

2026–2027 оқу жылында жалпыұлттық құндылықтарға, азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге және заңға құрметке негізделген «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру жалғасатыны атап өтілді.

Сынып жетекшілеріне тәрбие жоспарын тек мерекелік күндер мен іс-шаралар тізбегі ретінде емес, оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жүйелі жұмыс ретінде құру қажеттігі ескертілді.

Әсіресе, тәрбие жұмысының нәтижесін бағалауда:
«Осы іс-шараны өткіздік пе?» емес, «Осы жұмыс оқушыға қандай өзгеріс әкелді?»
деген сұрақты басшылыққа алу қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша: ӘБ жетекшісі Шайхутдинова А.В

Әдістемелік бірлестік жетекшісі әдістемелік нұсқау хат негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру мәселесі бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде мектептің тәрбие жұмысының жалпы бағытын, бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтарын және білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігі айтылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында төмендегі бағыттарға ерекше назар аудару ұсынылды:

1. Құндылыққа негізделген тәрбие.

Әрбір сынып сағаты мен тәрбие іс-шарасы белгілі бір құндылықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқушылардың бойында жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, отаншылдық, заңға құрмет және азаматтық ұстаным қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі екендігі атап өтілді.

2. Сынып сағаттарының сапасын арттыру.

Сынып сағаттары формалды түрде өткізілмей, оқушыны сөйлетуге, ойландыруға, пікірін білдіруге және өмірлік жағдайлармен байланыстыруға бағытталуы қажет.
Сынып сағатын ұйымдастыруда:
мақсат → әрекет → талқылау → қорытынды
қағидатын ұстану ұсынылды.
3. Ата-анамен серіктестік.
Ата-аналармен жұмысты тек ата-аналар жиналысымен шектемей, алдын алу, түсіндіру, кері байланыс, жеке жұмыс және ортақ жауапкершілік бағыттарында жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.
Сынып жетекшілеріне ата-аналарды баланың тәрбиесіндегі серіктес ретінде тарту ұсынылды.

3-мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алиев
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшісінің қызметін жүйелеу және құжаттаманы ұйымдастыру мәселесі қарастырылды.
Сынып жетекшісінің негізгі міндеті – сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі аясындағы қызметін үйлестіру екендігі түсіндірілді.
Сынып жетекшісі тәрбиеші ғана емес, ұйымдастырушы, үйлестіруші және оқушы–ата-ана–мектеп арасындағы байланыстырушы тұлға екендігі атап өтілді.
Сынып жетекшісінің жұмысын төмендегі бағыттар бойынша жүйелеу ұсынылды:

- оқушымен жеке жұмыс жүргізу;
- әр оқушының қызығушылығы мен қабілетін ескеру;
- сынып ұжымын қалыптастыру;
- сыныпта қолайлы психологиялық орта қалыптастыру;
- оқушылардың жауапкершілігін арттыру;
- ата-аналармен жүйелі байланыс орнату;
- тәрбие жұмысын жоспарлау;
- қажетті құжаттамаларды талапқа сай жүргізу;
- жүргізілген жұмыстың нәтижесін саралау.

Сынып жетекшілеріне тәрбие жоспарын мектептің жалпы тәрбие жұмысымен және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының бағыттарымен үйлестіріп құру қажеттігі ескертілді.
Құжаттаманы тек есеп беру мақсатында емес, сыныптағы тәрбие жұмысының жүйесін көрсететіндей етіп жүргізу қажеттігі атап өтілді.
Сонымен қатар әр сынып жетекшісінің өз́ сыныбындағы әр оқушыны жеке танып, оның оқуындағы, тәртібіндегі және әлеуметтік белсенділігіндегі өзгерістерді бақылап отыруы маңызды екендігі айтылды.

ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА:
Әдістемелік бірлестік мүшелері 2026–2027 оқу жылында тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру, сынып сағаттарының мазмұнын жетілдіру, ата-аналармен байланысты күшейту және сынып жетекшісінің құжаттамасын талапқа сай жүргізу мәселелері бойынша пікірлерін білдірді.
Сынып жетекшілері тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интерактивті әдістерді, пікірталас, тренинг, топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар және кері байланыс түрлерін қолдану қажеттігін атап өтті.
Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда іс-шаралар санынан гөрі олардың оқушыға беретін тәрбиелік әсері мен нақты нәтижесіне басымдық беру жөнінде ортақ пікір қалыптасты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің негізгі ерекшеліктері назарға алынсын.
2. Сынып жетекшілері тәрбие жұмысын оқу процесімен сабақтастықта ұйымдастырып, оқушылардың тұлғалық дамуына, азаматтық жауапкершілігіне және ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне бағыттасын.
3. «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларына енгізіліп, жүйелі түрде іске асырылсын.
4. Әрбір сынып сағаты нақты мақсатқа бағытталып, «мақсат – әрекет – талқылау – қорытынды» қағидаты негізінде ұйымдастырылсын.
5. Сынып жетекшілері әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқушымен жеке жұмысты жүйелі түрде жүргізсін.
6. Сынып ұжымында өзара сыйластыққа, жауапкершілікке, қауіпсіздікке және қолдау көрсетуге негізделген жағымды психологиялық орта қалыптастыру жұмыстары күшейтілсін.
7. Ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыру, тұрақты кері байланыс орнату және ата-аналарды баланың тәрбиесіндегі серіктес ретінде тарту қамтамасыз етілсін.
8. Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысына қатысты құжаттамалары қолданыстағы талаптарға сәйкес жүйеленіп, уақытылы жүргізілсін.
9. Өткізілген тәрбие іс-шараларының нәтижесі талданып, олардың оқушының тұлғалық дамуына әсері ескерілсін.
10. Сынып жетекшілерінің жұмысында «Аз іс-шара – көп нәтиже. Көп құжат емес – жүйелі жұмыс. Формалды есеп емес – нақты нәтиже» ұстанымы басшылыққа алынсын.
11. Осы шешімдердің орындалуын бақылау сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік жетекшісіне жүктелсін.

ӘБ жетекшісі: Шайхутдинова А.

Хатшы: Шарапат Н.

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің 1-отырысы

«Адал азамат» бағдарламасын таныстыру

Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер

Күні 26.08.2026

№	Сынып жетекші	Сыныбы
1.	Канатбаева Б.А.	2 "В"
2	Шиянова С.Д	1 "В"
3	Ахметжанова Ш	4 "В"
4	Рак Елена	4 "Д"
5	Насенкулова Б	3 "Г"
6	Рахимбекова З.Ж.	10 "Д"
7	Достаева Г.С.	1 "Г"
8.	Сейткаликова Н.А	1 "Д"
9	Зинченко Н.К.	3 "Е"
10	Ким Н.Б.	1 "Е"
11	Махаева Д.Ш.	6 А
15	Омарова Н.Х	11 "Е"
16	Шайхутдинова А.Ф	8
17	Утешева А.Н	9 Г
18	Ердаева Г.	9 Д
19	Мирманова К.	7 Б
20	Сакатова С	6 Б
21	Жасымова А	9 В
22	Динсламова Ж	8 А
23	Ахмедова А	5 Г
24	Досканова Г	10 А
25	Балманова А	6 Г
26	Сарсеева А	6 Д
27	Зеленкова С	8 Д
28	Угарова О.С	9 Е
30	Фаткулова Ж.С	10 В
31	Кокимова Р.А	5 Д
32	Зеленкова Т.Ч	8 В
33	Мергалиева Н.С	6 В
34	Кузембаева Р.А.	9 Д
35	Кабранова А.С.	5 А
36	Шайхутдинова В.Ф	7 В
37	Жунусова Г.Ж.	9 "А"
38	Беркінбай С.К	11 "А"
39	Тоқелен А.Б.	3 "Д"
40	Әшірбекова Д.Ж	3 "Г"
41	Кулаева А.Б.	2 "Г"
42	Рахметова А.А	1 "Г"
43.	Коптилеу Б.С.	4 "Г"
44	Тілеуова Ж.А	2 "Б"
45	Рамазанова М	1 "В"

46	Жунгейсова Диана	Нурда 2 д.
47	Жамахова Гаухара	2 д.
48	Семова Мирамкул	4 д.
49	Касенова Асанкуле	3 А
50.	Бейсенова Нурлика	1. А°
51	Есим Гания	3. Б°
52	Ситтибетов Бахыт	45 Сит
53	Кайшибаева А. Б.	95 Д
54	Джусупбекова З. К.	Жур 10,5
55	Курембаева Р. Ж.	Кузнец
56	Абрасеитова Э.	Бух
57.	Жумахановна Ж.	Ж/т
58.	Бабатлеанова Б.	Ж/т

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі
№1 сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы
Тақырыбы: «2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: жаңа талаптар, жүйелі жоспарлау және сынып жетекшісінің жауапкершілігі»

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2026–2027 оқу жылының оқу-тәрбие процесіндегі негізгі ерекшеліктері.
2. Әдістемелік нұсқау хат негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшісінің қызметін жүйелеу және құжаттаманы ұйымдастыру.

Құрметті әріптестер!
Баршаңызды жаңа 2026–2027 оқу жылының басталуымен құттықтаймын!
Жаңа оқу жылы — тек жаңа жоспар мен жаңа құжаттарды бастау емес. Бұл — әр сынып жетекшісінің өз сыныбындағы тәрбие жұмысын қайта саралап, мақсаттарын нақтылап, балалармен және ата-аналармен жұмыстың жаңа сапасына көшу кезеңі.
Сынып жетекшісі — мектептегі тәрбие жұмысының негізгі орындаушысы ғана емес, ол — оқушы, ата-ана және мектеп арасындағы байланысты үйлестіруші тұлға.
Сондықтан биылғы оқу жылындағы басты мақсатымыз:
тәрбие жұмысын іс-шаралар тізбегі ретінде емес, нақты мақсатқа бағытталған, жүйелі және нәтижелі процесс ретінде ұйымдастыру.
Бірінші мәселе: 2026–2027 оқу жылының негізгі ерекшеліктері
2026–2027 оқу жылы 2026 жылғы **1 қыркүйекте басталып, 2027 жылғы 25 мамырда аяқталады**. Оқу жылының мерзімі мен демалыс кезеңдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен белгіленді.
Биылғы оқу жылының маңызды бағыттарының бірі — білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету.
Тәрбие жұмысы жеке бағыт ретінде ғана қарастырылмауы тиіс. Ол:

- оқу процесімен;
- сыныптағы психологиялық ахуалмен;
- оқушының қауіпсіздігімен;
- ата-анамен серіктестікпен;
- мектеп мәдениетімен;
- баланың азаматтық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырумен

өзара байланыста жүргізілуі қажет.
2026–2027 оқу жылында барлық орта білім беру ұйымдарында жалпыұлттық құндылықтарға, азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге және заңға

құрметке негізделген **«Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру жалғасады**.
Сондықтан әр сынып жетекшісі тәрбие жоспарын тек мерекелік күндер мен іс-шараларға негіздемей, **оқушының тұлғалық дамуына бағытталған нақты жүйемен** құруы қажет.
Біздің басты сұрағымыз:
«Осы іс-шараны өткіздік пе?» емес, «Осы жұмыс оқушыға қандай өзгеріс әкелді?» болуы керек.
Екінші мәселе: Әдістемелік нұсқау хат талаптары негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру
Құрметті әріптестер!
Әдістемелік нұсқау хат — оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік бағдарымыз.
Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде біз ең алдымен мектептің тәрбие тұжырымдамасын, бірыңғай тәрбие бағдарламасының бағыттарын және білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеруіміз қажет.
Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында келесі қағидаттарға ерекше назар аударамыз:
Біріншіден — құндылыққа негізделген тәрбие.
Әр өткізілетін сынып сағаты мен тәрбие іс-шарасы белгілі бір құндылықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс.
Яғни, біз тек:
«іс-шара өткіздік» деп есеп бермейміз.
Біз:
оқушының жауапкершілігін, адалдығын, еңбекқорлығын, отаншылдығын, заңға құрметін және азаматтық ұстанымын қалыптастыруға жұмыс істейміз.
Екіншіден — сынып сағатының сапасы.
Сынып сағаты — тәрбие жұмысының ең негізгі алаңы.
Сондықтан сынып сағаты:

- формалды өтпеуі;
- тек ақпарат берумен шектелмеуі;
- оқушыны сөйлетуі;
- ойландыруы;
- өмірлік жағдаймен байланысты болуы;
- нақты қорытындыға келтіруі қажет.

Әр сынып жетекшісі сынып сағатын өткізген кезде:
мақсат — әрекет — талқылау — қорытынды
қағидатын ұстануы маңызды.
Үшіншіден — ата-анамен серіктестік.
Ата-анамен жұмыс тек ата-аналар жиналысын өткізумен шектелмеуі керек.

Біздің мақсатымыз — ата-ананы мектепке тек мәселе туындағанда шақыратын тарап емес, **баланың тәрбиесіндегі серіктес** ретінде қалыптастыру.
Сондықтан ата-аналармен жұмыста:

- алдын алу;
- түсіндіру;
- кері байланыс;
- жеке жұмыс;
- ортақ жауапкершілік

қағидаттарына басымдық береміз.

Үшінші мәселе: №18 бұйрық және сынып жетекшісінің қызметін жүйелеу

Құрметті сынып жетекшілері!
Сынып жетекшісінің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы №18 бұйрығымен бекітілген сынып жетекшілігі туралы ережемен реттеледі. Бұл ереже кейінгі өзгерістермен жаңартылған.
Сынып жетекшісінің негізгі міндеті — сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі аясындағы қызметін үйлестіру.
Яғни сынып жетекшісі:
тәрбиеші ғана емес, ұйымдастырушы, үйлестіруші және байланыстырушы тұлға.
Осыған байланысты биыл біз сынып жетекшісінің жұмысын бірнеше негізгі бағытта жүйелейміз:

1. Оқушымен жеке жұмыс

Әр сынып жетекшісі өз оқушысын білуі керек.
Оның:

- қызығушылығын;
- қабілетін;
- әлеуметтік және психологиялық ерекшелігін;
- мектептегі белсенділігін;
- тәртібіндегі өзгерістерді

бақылап отыруы қажет.
Бізге «сыныпта 25 оқушы бар» деген жалпы түсінік емес, **25 баланың әрқайсысын танитын сынып жетекшісі керек.**

2. Сынып ұжымын қалыптастыру

Сынып — жай ғана бір кабинетте оқитын балалар тобы емес.
Ол — ортақ құндылықтары, ережелері және мәдениеті бар ұжым болуы керек.
Сондықтан әр сынып жетекшісі оқу жылының алғашқы күндерінен бастап:

- сыныптың ішкі мәдениетін;
- өзара сыйластықты;
- қауіпсіз психологиялық ортаны;
- оқушының жауапкершілігін;

- бір-біріне қолдау көрсету мәдениетін

қалыптастыруға жұмыс істейді.

3. Ата-анамен жүйелі байланыс

Әрбір мәселені чат арқылы шешу — ата-анамен жұмыстың жүйесі емес. Сондықтан сынып жетекшісі ата-анамен жұмысты алдын ала жоспарлап, жүйелі түрде жүргізуі қажет.

4. Құжаттаманы жүйелеу

Құрметті әріптестер!

Биыл біз құжат үшін жұмыс істемейміз.

Бірақ әр жұмысымыздың жүйелі болуы үшін қажетті құжаттар ретімен жүргізілуі тиіс.

Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары мектептің жалпы тәрбие жұмысымен және бірыңғай тәрбие бағдарламасының бағыттарымен үйлесуі қажет.

Әр өткізілген жұмыс:

мақсатты, жоспарлы және нәтижелі болуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті әріптестер!

Жаңа оқу жылында бізден көп іс-шара өткізу емес, **тәрбие жұмысының сапасын арттыру** талап етіледі.

Сондықтан биылғы оқу жылындағы ортақ ұстанымымыз:

Аз іс-шара — көп нәтиже.

Көп құжат — емес, жүйелі жұмыс.

Формалды есеп — емес, нақты нәтиже.

Әрбір сынып жетекшісі өз сыныбына жауапты екенін сезінуі керек.

Біздің ортақ мақсатымыз — тәртіпті бақылау ғана емес, **жауапты, адал, білімді, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және өз әрекетіне жауап бере алатын тұлға қалыптастыру.**

Сондықтан 2026–2027 оқу жылында әрқайсымыз өз жұмысымызға мынадай сұрақпен қарайық:

«Мен өткізген тәрбие жұмысы баланың өміріне қандай өзгеріс әкеледі?»

Егер осы сұраққа нақты жауап бере алсақ, біздің жұмысымыздың нәтижесі де болады.

Баршаңызға жаңа оқу жылында шығармашылық табыс, жүйелі жұмыс және тәрбиесі мен білімі қатар дамыған шәкірттер тілеймін!

Жаңа оқу жылы жемісті, берекелі және нәтижелі болсын!